

**Кербұлақ ауданының ауылдық (селолық) жерлерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік көмек беру туралы**

***Күшін жойған***

Алматы облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 тамыздағы N 32-241 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Кербұлақ ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 21 қыркүйекте 2-13-128 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № 36-282 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 24.12.2010 № 36-282 шешімімен. Р Қ А О ескертпесі.**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес Кербұлақ аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Кербұлақ ауданының ауылдық (селолық) жерлерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына, отын сатып алу үшін бюджет қаражаты есебінен 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек төленсін.

2. Кербұлақ ауданының қаржы бөлімі (Гаухар Ақылбекқызы Мұсахметова) әлеуметтік көмектің қаржыландырылуын қамтамасыз етсін.

3. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Айгүл Тұрдахынқызы Диханбаева) әлеуметтік көмекті есептеу және төлеу жұмыстарын жүзеге асырсын.

4. Осы шешімнің орындалуын қадағалау аудандық мәслихатының білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, туризм, халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясының төрайымы К.І.Меренбаеваға жүктелсін.

5. Осы шешім, алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*сессия төрайымы*

*уақытша атқарушы*

*Аудандық мәслихатының  
Сәуле Молданазарқызы Шуақова*

*Кербұлақ аудандық  
мәслихаты хатшысының міндетін  
Қуаныш Жарманбекұлы Борманбеков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК